

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Резидентура бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдеріне өзгертулер

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 19.06.2024

Күшіне енген күні: 19.06.2024

Қолжетімділік деңгейі: Тек жұмыскерлер мен студенттер үшін

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2.8 SMED

Бекітуші орган: Провост

Тіркеу нөмірі: 81-н/қ

Иесі: Медицина мектебі

Қолданылуы: Назарбаев Университеті

Қайта қарау № 2

Қайта қарау түрі: Елеулі қайта қарау

Негізгі ІНҚ бекітілген күн: 17.06.2022

Негізгі ІНҚ күшіне енген күн: 17.06.2022

Бекітуші орган: Провост

Тіркеу нөмірі: 80-н/қ



Провосттың 17.06.2022 жылғы № 80-н/к шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының резидентура бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдеріне (бұдан әрі – Қағидалар мен Рәсімдер) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Қағидалар мен рәсімдердің 2.1-тармағына мынадай редакцияда 20-тармақша қосылсын:

«20. **Кепілдік жарна** – Университеттің Басқарушы кеңесінің шешіміне сәйкес Бағдарлама бойынша кепілдік жарнаны төлеуден босату жағдайларын қоспағанда, қабылдау туралы шақыруды қабыл алу процесінің бір бөлігі болып табылатын және түсушіге Бағдарламада (заңды тұлғалар демеушілік ететін ақылы негіздегі бағдарламалардан басқа) орынды қамтамасыз ететін міндетті төлем.».

2. Қағидалар мен рәсімдердің 3.3.3 және 3.3.4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3.3.3. Барлық Бағдарламаларда бірыңғай қабылдау комиссиясы мен хатшы бар. Қабылдау комиссиясы оқытушы-профессорлар құрамның мүшелерінен және әр Бағдарлама бойынша ауруханалардың тиісті жергілікті сарапшыларынан тұрады.

3.3.4. Дауыс беру құқығы бар Қабылдау комиссиясы мүшелерінің жалпы саны тақ болуы тиіс, бірақ ауруханалардан жергілікті сарапшы ретінде кемінде 1 (бір) мүшені қоса алғанда, кемінде 5 (бес) болуы тиіс.».

3. Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.5-тармағы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«3.5.5. Оқуға түсу туралы хабарлама-хат алған оқуға түсушілер хабарлама-хатта көрсетілген күндерге сәйкес оқуға шақыруды қабылдау немесе қабылдамау арқылы Университетті ресми түрде хабардар етуі тиіс.

Оқуға шақыру қабылданған жағдайда оқуға түсушілер мыналарды орындауы тиіс:

- 1) Жеке кабинетке Қабылдауға келісім нысанын толтыру;
- 2) Жеке кабинетте Кепілдік жарнаны төлеуге келісім нысанын толтыру;
- 3) Жеке кабинетте Кепілдік жарнаны міндетті төлеу.

Жоғарыда көрсетілген әрекеттерді орындамаған жағдайда оқуға түсуші оқуға шақырудан бас тартады және күту парағында ең жоғары рейтингі бар келесі оқуға түсушіге шақыру жіберіледі деп есептеледі.

Кепілдік жарна сомасы Университеттің ішкі құжаттарымен белгіленеді. Кепілдік жарна:

- 1) Университетпен білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа екі жақты қол қойылса;
- 2) студент бағдарлау апталығына қатысқан жағдайда;
- 3) Университеттің резидентура бағдарламаларына арналған қағидалар мен рәсімдерге сәйкес жақсы үлгерімі бар студент Бағдарламаның алғашқы алты айын бітіргеннен кейін жиынтық қайтару шарттары орындалған осындай жағдайларда қайтарылуы мүмкін.



Кепілдік жарна бағдарламаның алғашқы алты айы аяқталғанға дейін оқуға түсуші/студент қайтыс болған жағдайда жоғарыда көрсетілген қайтару шарттарын орындамай қайтарылуға жатады.».

4. Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.8-тармағы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«3.5.8. Оқуға қабылдау туралы шешімде әрбір оқуға түсушінің оқуын қаржыландыру көзі көрсетілуі тиіс.».

